Шардара аудандық білім бөлімі
«Шардара» мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Бұйрық № 186

Шардара қаласы «29» тамыз 2025ж

Сынып жетекшілері мен сыныптарға оқу кабинеттерін бөлу туралы

Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Балалардың жан-жақты дамуын ынталандыру, оқушылардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау, ата-аналармен (басқа да заңды өкілдермен) өзара байланыс орнату және оларды оқу мен тәрбие процесіне тарту мақсатында төмендегі сынып жетекшілері бекітілсін:

№	Сыныбы	Сынып жетекшісі	Кабинеті	Телефон номері
1	11а	Сариева Айгүл Кожабековна	2-44 (кадет)	87784292628
2	11г	Ибрагимова Мөлдір Тәңірбергенқызы	2-2-26	87064094326
3	11б	Даниярова Дарига Карсыбаевна	2-2-28	87023016403
4	10а	Сахова Гульсум Шеринбековна	2-3-29	87471823536
5	10ә	Исаева Алия Танирбергеновна	2-3-38	87753447304
6	10б	Абдикадырова Айгул Ажымухановна	1-20	87010568383
7	10в	Туртабаева Улдар Куанышбековна	2-4-35	87025190384
8	10г	Абдирашит Анар Абдулхакимқызы	2-2-27	87006498196
9	9а	Жумабекова Бибисара Айткуловна	2-5-39	87751626399
10	9ә	Зейнеханова Гульшат Амангельдиевна	2-5-40	87022752640
11	9б	Ерманова Нургайша Есалыевна	2-3-33	87783697284
12	9в	ИбадуллаеваЭльмираЖусиповна	2-3-31	87785971882
13	9г	Мусаева Гулзипа Режеповна	2-3-30	87026033617
14	9д	Ахатова Гулнур Турымтаевна	2-4-37	87781725680
15	8а	Рыштай Гүлбала Қылышбеккызы	2-4-41	87029808673
16	8ә	Ауелбекова Улжалгас Сапарбаевна	1-18	87023900484

17	8б	Жексенбаева Салтанат Жаксыбековна	1-4-13	87781642585
18	8в	Бейсенова Лаура Еркинбаевна	2-3-32	87756199925
19	8г	Тureханова Айжан Отызбаевна	2-4-36	87028047448
20	8д	Умбетова Эльмира Сапарбековна	2-4-34	87471259558
21	7а	Сатылғанова Мадина Тогаевна	1-4-13	87014573326
22	7ә	Исаева Ұлбосын Егембердіқызы	2-3-33	87785404595
23	7б	Жасұзақ Нұрдаулет	2-4-36	87787294554
24	7в	Тургунбаевна Гульчехра Кадиржанқызы	2-3-31	87089456088
25	7г	Демеуова Галия Нургалиевна	2-2-28	87086252308
26	7д	Базарбаева Айгерим Жорабековна	2-3-30	87027880083
27	6а	Муратиярова Перизат Жанабаевна	2-2-26	87781007132
28	6ә	Зиманова Ерке Мухтаровна	2-3-32	87759002832
29	6б	Еспенбетова Зубайра Оналовна	2-2-27	87026031882
30	6в	Рахмет Гүлмира Маратқызы	2-4-34	87013724324
31	6г	Ибраймхан Айнұр Ажиханқызы	2-4-35	87756243318
32	6д	Мұхтарқызы Жанар	2-4-37	87019043173
33	5а	Сманова Айгул Жанибековна	1-18	87028047448
34	5ә	Бахарам Мадина Бахытқызы	2-5-40	87007291995
35	5б	Лесбек Лаура	2-5-41	87476591898
36	5в	Адилбеков Сулеймен Жарылкасынович	2-5-39	87078092557
37	5г	Алимбаева Мадина Талгатовна	2-2-29	87026853950
38	5д	Келдибаева Гулшат Кураловна	2-5-38	87011836867
39	4а	Шиндалиева Сауле Есенгельдиевна	1-3-10 / 1	87075141974
40	4ә	Абиева Улбосын Нурмахановна	1-2-6 / 1	87754690777
41	4б	Исабекова Болғанай Базаралы қызы	1-3-11 / 2	87026274112
42	4в	Тулемисова Маржан Тагабаевна	1-1-4 / 2	87028116464
43	4г	Усенова Тамара Кунтугановна	1-1-1 / 2	87023934776
44	4д	Жора Ұлжан Анарбайқызы	1-4-15 / 2	87005850595
45	3а	Шатаева Кундыз Манасбаевна	1-1-2 / 1	87023907669
46	3ә	Әбіл Гүлбану Амангелдіқызы	1-1-3 / 1	87778849776
47	3б	Шаймарданова Жанар Борангазыновна	1-4-14 / 1	87020629409
48	3в	Рысбекова Мария Срайыловна	1-2-7 / 1	87027498274

49	3г	Абдиоразова Айткул Адилбековна	1-2-6 / 1	87021606235
50	3д	Таджибаева Айша Кадирбаевна	1-2-8 / 1	87758832975
51	2а	Аширбаева Жанар Оналбековна	1-1-2 / 2	87026032133
52	2ә	Уразбаева Жанат Молдакуловна	1-2-8 / 2	87785629113
53	2б	Усенова Тамара Кунтугановна	1-1-1 / 1	87023934776
54	2в	Жанысбаева Сымбат Рахманхуловна	1-1-3/ 2	87027724279
55	2г	Кешубай Ғалия Аманбайқызы	1-4-14 / 2	87757092580
56	2д	БакитжановаРайгульАбдуалиевна	1-2-5 / 2	87012645739
57	1а	Абдухаликова Камшат Кайратовна	1-1-4 / 1	87715683316
58	1ә	Досыбаева Индира Бейсенбаевна	1-3-11 / 1	87781546323
59	1б	Дүйсебаева Дана	1-2-7 / 1	87022353562
60	1в	Турсымбетова Гульмира Нурлановна	1-3-9 / 1	87757468317
61	1б	Усенбаева Дариха Бектургановна	1-2-5 / 1	87759815101
62	0а	Айтбаева Мейрамкул Абилдаевна	1-1-4 / 2	87083409073
63	0ә	Алипбаева Сандуғаш Тағанқызы	1-3-9 / 2	87751801686
64	0б	Төлегенова Перизат	1-3-12 / 1	87752132082

Сынып жетекшісі қызметін жоспарлауды және бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ахатоваға және А.Есенбаевага жүктелсін.

Негізі: 25 тамыз 2025 ж. күнгі педагогикалық шешімі

Мектеп-лицей директоры **Л.Ө.Құлмаханбет**

«Бекітемін»
Мектеп-лицей директоры: Л.Ө.Құлмаханбет

«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында
2025-2026 оқу жылындағы сынып жетекшілер бірлестігінің жылдық жоспары

Жұмыс мазмұны	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
Ұйымдастыру жұмыстары			
1. Өзара тәжірибе алмасу бағытында сынып сағаттарына қатысу. 2. Сынып жетекшілерінің сынып сағаттарында көрнекі құралдарды тиімді пайдалануын қадағалау 3. Оқушылардың үйірмелерге, пәндік апталықтарға көбірек қатысуын қамтамасыз ету. 4. Сынып белсенділерінің, дарынды оқушылардың жұмысын анықтау және олармен жұмыс жүргізу. 5.Жас сынып жетекшілерінің сабақтарына қатысып, көмек көрсету 6. Бірлестік отырысында сынып жетекшілерінің есебін, тәжірибесін тарату, шығармашылығының есебін тыңдау, бағалау, насихаттау. Арнайы бет, буклет, плакаттар шығару. 7. Әр тоқсан соңында сынып жетекшілердің атқарған жұмыстары туралы есебін тыңдау. 8. Ай сайын бірлестік отырысын өткізу 9. Сынып жетекшілерінің білімін жетілдіру мен көтеруде курстар мен семинарларға қатысу	анықтама	ДТЖЖО:Г.Ахатова С.Динасилов Сынып жетекшілер рлестігінің жетекшісі: С.Сахова Сынып жетекшілер Тәлімгер: А.Сманова Мектеп психологы: Ф.Жумабаева Әлеуметтік педагог: Р.Алимбекова	Үнемі Әр тоқсан сайын Жыл бойы Үнемі Уақытында Жыл бойы Үнемі Айына 1 рет Үнемі Тоқсан сайын Үнемі
Қыркүйек - ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ **Тақырыбы: «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру»**			
1.Өткен оқу жылындағы ӘБ жұмысының қорытындысын талдап,	хаттама	ДТЖЖО: Г.Ахатова	

жаңа оқу жылының жылдық жұмысын жоспарлау. 2.Білім беру жүйесіндегі «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстыру, тәрбие сағаттарының тиімділігі 3.Бағдарлама аясында жүргізілетін жобалар жұмысы 4.Сынып жетекшісінің лауазымдық қызметімен таныстыру 5.Мектеп жарғысымен және ішкі тәртіп ережесімен таныстыру 6.Сынып сағаттарына «Қауіпсіздік сағаттарын» кіріктіру 7.Ата-аналармен жұмыс жасауды ұйымдастыру		Г.Ахатова, С.Динасилов Сынып жетекшілер	Қыркүйек айы 1 аптасы
Қазан айы- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ			
«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында сынып жетекшілер бірлестігімен өткізілген семинар-тренинг	анықтама	ДТЖЖО: Г.Ахатова Сынып жетекшілер	Қазан айының 4 аптасы
Қараша- ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ Тақырыбы: «Оқушыларды жақсы тәлім-тәрбие мен инабаттылыққа тәрбиелеу»			
1.Сыныптардағы қыз балалармен және ұл балалармен жұмысты жандандыру. 2.5-7 сыныптарының жағдайын, сынып жетекшінің сыныппен жұмысын бақылау. 3.Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуі	хаттама	ДТЖЖО:Г.Ахатова Тәлімгер: А.Сманова Сынып жетекшілер	Қараша айының 1 аптасы
Желтоқсан айы- БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ			
«Сынып жетекші мен ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынас орнатудың тиімді әдістері»	анықтама	Бірлестік жетекшісі Сынып жетекшілер ДТЖЖО	Желтоқсан Айы 4 аптасы
Қаңтар - ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ Тақырыбы: «Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алу»			
1. Зорлық –зомбылықтың алдын алу жұмыстары	хаттама	ДТЖЖО: Г.Ахатова С.Динасилов	Қаңтар айы 1 аптасы

2. Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар бойынша өткізіліп жатқан жұмыстар 3. 8-11 сыныптардың атқарылған жұмыстар жөнінде есебі		Сынып жетекшілер	
Ақпан айы- ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ			
1.Сынып жетекшілерінің озық тәжірибелерін байқау және насихаттау бағытында «Жыл сынып жетекшісі» сайысын өткізу. Ережемен таныстыру 2. 9 – 11 сыныптарының жағдайын, сынып жетекшінің сыныппен жұмысын бақылау 3. Құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар	анықтама	ДТЖЖО: Г.Ахатова, С.Динасилов Педагог-психолог: Ф.Жумабаева Сынып жетекшілер	Ақпан айы 2 аптасы
Наурыз айы- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ Тақырыбы: «Бала тұлғасының дамуы және оның тәрбиесі»			
1.Бағдарлама аясында өткізіліп жатқан жобалар жұмысының нәтижесі (жоба жетекшілері) 2.«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының жұмысы. 3. Білім беру ұйымдарында психологиялық- педагогикалық қолдау қызметтін ұйымдастыру және әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмыс	хаттама	ДТЖЖО: Г.Ахатова С.Динасилов Тәлімгер: А. Сманова Педагог-психолог: Ф.Жумабаева	Наурыз айы 4 аптасы
Сәуір айы- ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ Тақырыбы: «Тәрбие үрдісін жүйелі талдау оны оңтайландырудың шарты ретінде»			
1.8-11 сыныптың сынып жетекшілердің жұмыс есебі 2.Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу 3.Мектептегі кітапханашының есебі	анықтама	ДТЖЖО: Г.Ахатова С.Динасилова Мектеп кітапхана меңгерушісі: Б.Анарбаева	Сәуір айы 1 аптасы
Мамыр- БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ Тақырыбы: «Оқушылардың жазғы еңбек қызметі мен жазғы демалысын ұйымдастыру»			

1.Оқушыларға ҰБТ -ға дайындаудағы психологиялық көмектің тиімділігі. 2.Соңғы қоңырау мен мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар 3.Перспективалар. Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талқылау. 4.«Жыл сынып жетекшісі-2026» рейтингісінің нәтижесін шығару, марапаттау. 5.Жазғы демалысты ұйымдастыру, «Бала еңбегін қанау» рейдтерін ұйымдастыру 6.Оқушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысын ұйымдастыру	Хаттама	ДТЖЖО: Г.Ахатова, С.Динасилов Ұйымдастырушы пед: А.Базарбаева Тәлімгер: А.Сманова Әлеуметтік педагог: Р.Алимбекова, Қ.Мусакулова Сынып жетекшілер	Мамыр айы 4 аптасы

Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі: Г.Сахова

«Шардара» мектеп-лицейінде сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік тақырыбында өткізілген жиналыстың
ХАТТАМАСЫ 1

Сынып жетекшілер ӘБ отырысы
Өткізілген күні: 2025 жылғы 04 қыркүйек
Өткізілген орны:
Қатысқандар: сынып жетекшілер, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Өткен оқу жылындағы сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмыс қорытындысын талдау, жаңа оқу жылының жылдық жұмысын жоспарлау.
2. Білім беру жүйесіндегі «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстыру, тәрбие сағаттарының тиімділігін арттыру жолдары.
3. Бағдарлама аясында жүргізілетін жобалар жұмысы.
4. Сынып жетекшісінің лауазымдық қызметімен таныстыру.
5. Мектеп жарғысымен және ішкі тәртіп ережесімен таныстыру.
6. Сынып сағаттарына «Қауіпсіздік сағаттарын» кіріктіру.
7. Ата-аналармен жұмыс жасауды ұйымдастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

1.**ДТЖЖО-Г.Ахатова .**Өткен оқу жылында мектептегі сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі аясында көптеген маңызды іс-шаралар атқарылды. Сынып жетекшілер оқу-тәрбие процесінде оқушылардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке баулу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізді. Әсіресе, мектептегі дәстүрлі мерекелік іс-шаралар, патриоттық акциялар, «Адал ұрпақ» клубы мен «Жас Ұлан» ұйымы арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру жұмыстары нәтижелі болды.
Сонымен қатар, тәрбие жұмысында бірқатар жетістіктерге қол жеткізілді:
Сынып жетекшілер оқу жылы бойы тәрбие жоспарын жүйелі орындап, барлық бағыттарды қамтуға тырысты;
Оқушылардың құқықбұзушылыққа бармауы, мектепішілік тәртіптің сақталуы – сынып жетекшілердің жоспарлы еңбегінің нәтижесі болды;
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында өткізілген сынып сағаттары оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастырды;
Ата-аналармен жұмыс жаңа форматта жүргізіліп, бірқатар ата-аналар жиналыстары, кездесулер мен тренингтер ұйымдастырылды.

Дегенмен, орын алған кемшіліктер де жоқ емес. Кейбір сынып жетекшілердің құжаттаманы уақытылы жүргізбеуі, тәрбие сағаттарының мазмұнының бірсарынды болуы, ата-аналармен кері байланыстың жеткіліксіздігі байқалды. Бұл бағыттағы жұмыстар жаңа оқу жылында басты назарға алынуы тиіс.

Жаңа оқу жылына қойылып отырған талаптар – оқушылардың тәрбие деңгейін көтеру, олардың бойында адамгершілік қасиеттерді, ұлттық сана-сезімді, ақпараттық мәдениетті дамыту. Осыған орай, сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің **2025–2026 оқу жылына арналған жоспары** дайындалып, талқылауға ұсынылды. Жоспарда әр айдың

тақырыптық бағыты, тәрбие сағаттары, мектепішілік жобалар, ата-аналармен жұмыс және қауіпсіздік шаралары нақты көрсетілген.

Сондықтан, жаңа оқу жылында әрбір сынып жетекші өз жұмысына жоғары жауапкершілікпен қарап, тәрбие үдерісін жүйелі, мазмұнды, әрі нәтижелі ұйымдастыруы тиіс.

5. Г.Сахова- ӘБ жетекшісі

Әдістемелік бірлестік жетекшісі сынып жетекшілерді білім беру жүйесінде енгізілген **«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен** таныстырды. Бағдарлама – оқушылардың тұлғалық дамуына, олардың бойында адалдық, еңбеккорлық, жауапкершілік, патриотизм сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған кешенді құжат екендігі айтылды.

Жаңартылған мазмұнда:

Құндылықтық бағдар күшейтілген, яғни тәрбие жұмысы тек іс-шарамен шектелмей, әрбір оқушының жеке көзқарасын, мінез-құлқын қалыптастыруға негізделген;

Жобалық жұмыс жүйесі енгізілген («Адал ұрпақ», «Қамқор», «Жасыл мектеп», «Ұшқыр ой алаңы» және т.б.);

Әр айға арналған тақырыптық бағыттар нақты белгіленіп, сол тақырыптарға сәйкес сынып сағаттарының өткізілуі жоспарланған;

Бағдарлама тәрбие сағаттарының мазмұнын біріздендіріп қана қоймай, оның сапасын арттыруға жағдай жасайды.

Талқылау барысында тәрбие сағаттарының тиімділігін арттырудың бірқатар жолдары ұсынылды:

1. **Интерактивті әдістерді пайдалану** – пікірталас, тренинг, ойын элементтері, дебат арқылы оқушыларды белсенді қатыстыру.
2. **Цифрлық құралдарды қолдану** – бейнеролик, презентация, онлайн сауалнама, әлеуметтік желідегі челленджер арқылы қызығушылықты арттыру.
3. **Өмірмен байланыстыру** – сынып сағатында қарастырылатын тақырыптарды оқушылардың күнделікті өмірімен, отбасымен, қоғамдағы оқиғалармен ұштастыру.
4. **Жобалық тапсырмалар беру** – әр сынып өз айлық тақырыпқа сәйкес шағын жоба жасап, оны мектеп ішінде таныстыру.
5. **Ата-аналарды тарту** – кейбір тәрбие сағаттарына ата-аналарды шақырып, тәжірибе бөлісу, пікір алмасу ұйымдастыру.

Осы бағыттар негізінде әрбір сынып жетекші өзінің айлық тәрбие жоспарына өзгерістер енгізіп, сабақтарды мазмұнды әрі қызықты өткізуге міндеттелді.

5. Г.Тұяқова-ҚББП. Әдістемелік бірлестік отырысында **«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын негізгі жобалар** – «Ұшқыр ой алаңы», «Қамқор», «Адал ұрпақ», «Жасыл мектеп» жұмыстары қарастырылды. Әр жобаның мақсат-міндеттері түсіндіріліп, сынып жетекшілердің атқаратын нақты жұмыстары нақтыланды.

1. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы

– Оқушылардың сыни ойлау кабілетін дамыту, шығармашылық идеяларын қолдау, пікірталас мәдениетін қалыптастыру;

– Сынып жетекшілер ай сайын дебат, интеллектуалды ойындар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, оқушыларды еркін ойлауға баулиды.

2. «Қамқор» жобасы

– Мектептегі және ауылдағы әлеуметтік аз камтылған отбасыларға қолдау көрсету, қайырымдылық шараларын ұйымдастыру;

– Сынып жетекшілер оқушыларды қайырымдылық акцияларына, еріктілік қозғалысына жұмылдырады, әр сынып өз бастамаларын ұсынады.

2. ҚББП-Г.Тұяқова. «Адал ұрпақ» клубы

– Оқушылардың бойында адалдық, әділдік, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру;

– Сынып жетекшілер әр айда адалдық тақырыбындағы сынып сағаттарын өткізуді, оқушылармен пікірталас пен эссе байқауларын ұйымдастыруды қадағалайды.

«Жасыл мектеп» жобасы

– Экологиялық мәдениетті дамыту, мектеп ауласын көгалдандыру, табиғатты қорғау шараларына қатысу;

– Сынып жетекшілер оқушыларды табиғатты аялауға, мектеп ауласын тазалауға, сенбіліктерге және экобайқауларға белсенді тартуы тиіс.

Жалпы, осы жобалардың барлығы оқушылардың жан-жақты дамуына, азаматтық жауапкершілігін арттыруға, қоғамға пайдалы әрекеттерге жұмылдыруға бағытталған. Сынып жетекшілерге әр жобаға қатысты **жоспар құру, оқушыларды тарту, жүргізілген жұмыстар туралы есеп беру** міндеттері жүктелді.

3.Г.Сахова- Бірлестік жетекшісі. Әдістемелік бірлестік отырысында сынып жетекшілерге олардың **лауазымдық қызметтері мен негізгі құжаттары** таныстырылды. Сынып жетекшісінің жұмысы – мектептің тәрбие жүйесіндегі басты буын екендігі атап өтілді.

Сынып жетекшісінің негізгі міндеттері:

Оқушылардың оқу-тәрбие үдерісіне қатысуын қадағалау, үлгерім мен тәртіпті бақылау;
Тәрбие жұмысының жылдық жоспарын әзірлеу, айлық бағыттарға сәйкес сынып сағаттарын ұйымдастыру;
Оқушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, құқықбұзушылықтың алдын алу;
Оқушылардың дарындылығын дамытуға, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға жағдай жасау;
Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, ата-аналармен бірлесе жұмыс істеу;
Қауіпсіздік ережелерін оқушыларға жеткізу, өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
Сынып құжаттарын дұрыс жүргізу, оқушылардың жеке іс-қағаздарын уақытылы толтыру.

Сынып жетекшілер пайдаланатын негізгі құжаттар:

ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілері;
Мектептің жарғысы мен ішкі тәртіп ережесі;
«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы;
Сынып жетекшінің жылдық тәрбие жоспары;
Оқушылардың жеке іс-парақтары мен электронды база (Күнделік жүйесі);
Ата-аналармен жұмыс жоспары мен жиналыс хаттамалары.

Талқылау барысында сынып жетекшінің жұмысы тек қана іс-шаралармен шектелмей, **оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін жауапты қызмет екендігі** атап өтілді.

4. ДТЖЖО-А.Есенбаева.Отырыста сынып жетекшілерге мектептің **жарғысы мен ішкі тәртіп ережелері** таныстырылды. Жарғыда мектептің жалпы мақсаттары, міндеттері, басқару құрылымы, оқушылар мен мұғалімдердің құқықтары мен міндеттері көрсетілетіні айтылды. Ішкі тәртіп ережелерінде оқушылардың мектепте және сыныпта өзін-өзі ұстау мәдениеті, сабаққа қатысу тәртібі, қауіпсіздік шаралары, мектеп мүлкіне ұқыпты қарау сияқты маңызды талаптар нақты белгіленгені түсіндірілді.

Талқылау барысында оқушыларға бұл құжаттарды түсінікті әрі тиімді жеткізу жолдары қарастырылды:

Сынып сағаттарында арнайы таныстыру және талқылау өткізу;
Әр сыныпта ішкі тәртіп ережелерін көрнекі жерге ілу;

Оқушылардың мектептегі өзін-өзі басқару ұйымын пайдалану арқылы ережелерді насихаттау;
Қауіпсіздік сағаттарында мектеп мүлкін сақтау, жолда жүру, техника қауіпсіздігі талаптарын қайта еске салу;
Ата-аналар жиналысында да мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережелері туралы ақпарат беру.
Әсіресе, оқушылардың мектепке уақытылы келуі, сабаққа дайындықпен қатысуы, тәртіп пен мәдениетті сақтауы – мектеп жарғысының негізгі талаптары екендігі ерекше атап өтілді.
5.ДТЖЖО-С.Динасилов.Сынып сағаттарына «Қауіпсіздік сағаттарын» кіріктірудің маңызы түсіндіріліп, оқу жылы бойы апта сайын өткізу белгіленді. Ата-аналармен жұмыстың негізгі бағыттары: жиналыстар, ашық есік күндері, сауалнамалар, жеке кездесулер арқылы ата-аналардың мектеппен ынтымақтастығын арттыру қажеттігін атап өтті.

Қаулы етеді:

1. Өткен оқу жылының қорытындысы назарға алынып, жаңа оқу жылына арналған ӘБ жоспары бекітілсін.
2. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде барлық сынып жетекшілер айлық жоспарларын әзірлеп, сынып сағаттарына енгізсін.
3. Жобалық жұмыстарға барлық сынып жетекшілер белсенді қатысып, жауапты мұғалімдерге есеп беріп отырсын.
4. Әр сынып жетекші өз лауазымдық міндетін толық орындап, құжаттаманы уақытылы жүргізсін.
5. Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережелері оқушыларға сынып сағаттары арқылы таныстырылсын.
6. «Қауіпсіздік сағаттары» барлық сынып сағаттарының негізгі бөлігіне кіріктірілсін.
7. Ата-аналармен жұмыстың жаңа оқу жылына арналған жоспары жасалып, әр сынып жетекші өз ата-аналар комитетімен тығыз байланыста жұмыс жасасын.

Жиналыс төрайымы: Г.Ахатова

Хатшы: Г.Сахова

«Шардара» мектеп-лицейінде сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік тақырыбында өткізілген жиналыстың
ХАТТАМАСЫ 2

Сынып жетекшілер ӘБ отырысы
Өткізілген күні: 2025 жылғы 05 қараша
Өткізілген орны: Тәрбие кабинет
Қатысқандар: ДТЖЖО,педагог-психолог,әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер,
Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібіндегі мәселелер:

Қараша айы – «ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК» айы
Тақырыбы: *«Оқушыларды жақсы тәлім-тәрбие мен инабаттылыққа тәрбиелеу»*

1. 5-11 сыныптарының тәрбие жұмысы мен сынып жетекшілердің ұйымдастыру деңгейін бақылау нәтижесі.
2. Сыныптардағы қыз балалармен және ұл балалармен жұмысты жандандыру.
3. Мектептегі психологиялық қызметтің жұмысы туралы
4. Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуін күшейту бағытындағы іс-шаралар.

Тыңдалды:
Г.Т.Ахатова – ДТЖЖО. 5-11 сыныптарының тәрбие жұмысы мен сынып жетекшілердің іс-қағаздарын бақылау нәтижесін туралы айтты.
Бақылау барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаттары жоспарға сай өткізіліп, «Адал азамат – Біртұтас тәрбие» бағдарламасы құндылықтары енгізілгені атап өтілді.
Алайда кейбір сынып жетекшілерде тәрбие сағаттарының фотодәлелі мен ата-анамен кері байланыс аздығы байқалғандығында айтып өтті.
Оқушыларыңыз саналы тәрбие алуы үшін тәрбие жұмыстарын жүйелі жасауларын айтты.
Г.Сахова- ӘБ жетекшісі. Сынып жетекшілерге екінші тоқсанда бірінші тоқсанда жіберілген қателіктерге жол бермеуіміз керек деді. Қыз балалар мен ұл балалар арасындағы тәрбие жұмысының бағыттарына тоқталды. Мектепте «Перизат» қыздар кеңесі мен «Өркен» ұлдар кеңесінің жобалары арқылы оқушылардың мінез-құлық мәдениеті, инабаттылығы мен жауапкершілігі қалыптастырылып келе жатқаны айтылды.
Сынып жетекшілер қыз балалармен жеке және топтық әңгімелер жүргізіп, сыртқы келбет, сөйлеу әдебі, кішіпейілділік сияқты қасиеттерді дәріптеу керектігі ескертілді.

Ф.Жумабаева – педагог-психолог. баяндама жасап, оқу жылының I тоқсанындағы психологиялық қызметтің негізгі бағыттары мен диагностикалық жұмыстар нәтижелерін таныстырды.
Оқушылардың эмоционалдық жай-күйі мен ұжымдағы өзара қарым-қатынасына жүргізілген зерттеу қорытындысы бойынша, кейбір сыныптарда оқушылар арасында бейімделу кезеңінде түсініспеушілік пен мазасыздық байқалмағандығын айтты.
Психологиялық қызмет тарапынан «Жақсы көңіл күй – жарқын болашақ!», «Достық пен түсіністік апталығы» сияқты тренингтер мен психологиялық ойындар ұйымдастырылған.
Мектеп психологына сынып жетекшілермен тығыз байланыста жұмыс жасап, жеке кеңес беру жұмысын жүйелі жалғастыру ұсынылды.

Қ.Мұсақұлова –әлеуметтік педагог. Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық бағытындағы жұмыстарды баяндады. «Ата-аналар мектебі», «Жан жылуы» қайырымдылық акциясы, «Бала қауіпсіздігі – ата-ана жауапкершілігі» атты дөңгелек үстел өткізілгені айтылды. Ата-аналардың мектеп өміріне белсенді қатысуы оқушылардың тәртібіне оң әсер етуде деді.

Қаулы етеді

1. Психологиялық қызмет жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Сынып жетекшілерге 5-11 сынып оқушыларымен тығыз байланыста болып, жүйелі жұмыстар атқарылсын.
3. Мектеп пен ата-аналар арасындағы байланыс жүйелі жалғастырылсын;

Жиналыс төрайымы: Г.Ахатова

Хатшы: Г.Сахова

«Шардара» мектеп-лицейінде мектеп ұжымымен өткізілген жиналыс

ХАТТАМАСЫ № 3

Өткізілген күні: 11.12.2025ж
Қатысқаны: 112
Қатысқан мамандар: Мектеп әкімшілік құрамы, пән мұғалімдері, сынып жетекшілер т.б

Күн тәртібінде:

1. Қ.Аманжолов мектебіндегі келеңсіз уақиғасы туралы.

2. Бала өмір қауіпсіздігін күшейту туралы.

Тыңдалды:

1. «Шардара» мектеп-лицейінің директоры – Л.Ө.Құлмаханбет. Жиналысты ашып беріп, күн тәртібіндегі мәселесімен таныстырып, жиналыстың өткізілу мақсатына тоқталып өтті. Ауданымыздағы Қ.Аманжолов мектебінде болған келеңсіз уақиғасына тоқталып кетті. Бала өміріне қауіп әкелетін байқамай жасалынған қателік, ешқашан кешірілмейтін іс екендігін атап айтты. Мұғалімдерге бала өміріне бей-жай қарамауларын, әр баланы назардан тыс қалдырмауы керектігі айтылды. 45 минуттық сабақ кезінде пән мұғалімі алдында отырған оқушыларға тікелей жауапты екендігін шегелеп тұрып айтты. Сонымен қатар әр сабақ үстінде оқушылар себепсіз сыртта, мектеп әжетханасында, мектеп коридорында, мектеп асханасында жүрмеу керектігін оған пән мұғалімінің тікелей жауап беретіндігін, үзіліс кезінде сынып жетекшісі мен кезекшілік жасайтын арнайы бекітілген мамандар жауапты екендігін айтып өтті.
«Бала өмір қауіпсіздігін сақтау - баршамызға ортақ іс» деп сөзін аяқтады.
2. Э.Кулиева –ДОІЖО. Жиналысқа қатысушыларға бала өміріне немқұрайды қарауға болмайтындығын айтты. Сабақты жүйелі өтіп, баланың қауіпсіз ортада болуы маңызды деді. Пән мұғалімдерінің сабақты өз уақытында кешікпей бастап, алдында отырған әр оқушымен түрлі әдіс-тәсілдер арқылы берілген 45 минут жұмыс жасауларын айтты.
3. А.Асылбекова – ДОІЖО. Мектеп ұжымына өз пікірін білдірді. Сабақ кезінде әр баланың сабаққа толық қатысуымен қатар баланың көңіл күйіне де назар аудару керектігін, егерде көңілсіз отырған баланы байқасаңыздар сынып жетекшісіне хабардар етіп, бақылау, анықтау жұмыстарын жүргізу керектігін айтты. Бала біздің жемісіміз дей келе, әр оқушының өмір қауіпсіздігіне бәрімізде жауаптымыз деді.

4. Бастауыш сыныптың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Махимова өз сөзінде өзгенің баласын өз баламыздай бауырымызға басып, оның өміріне жол сала білуіміз керек деді. Пән мұғалімдеріне дер кезінде сабақта болуларын, сабақты өз уақытында бастауын сонымен қатар сабақ кезінде әр оқушымен жұмыс жасауын айтты. Баланың сапалы білім алуы үшін сабақты түрлі әдіс-тәсілдер қолдануын айтты. Бастауыш сыныптың оқушылары әле де ойын баласы екендігін ескеруіміз керек. Оларды бір сәтке де көздеріңіздің алдынан тыс қалдырмаңыздар деді. Мұғалім бала өміріне қауіп әкелетін қателік жасамауы керек. Әр баланың өмірі құнды екендігін, оны сақтау баршамызға міндет екендігін айтып өтті.
5. Г.Ахатова –ДТЖЖО. Әр оқушы сапалы білім, саналы тәрбие алу үшін бәріміз аянбай еңбек етуіміз керек. Бала біздің болашағымыз, яғни жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуы үшін бірінші баланың өмір қауіпсіздігі сақталуы керек деді. Қазіргі таңда «Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында бала өмір қауіпсіздігін сақтау үшін жан-жақты жұмыстар жүргізіліп жатқандығын айтып өтті. Әр оқушыны көзіміздіңағы мен қарашығындай сақтау, бәріміздің борышымыз деді.

Қаулы етеді:

1. «Шардара» мектеп-лицейінде сабақ уақытында келеңсіз оқиға болуына жол берілмесін, жүйелі жұмыстар атқарылсын.

2. Бала өмір қауіпсіздігін сақтау жұмыстары күшейтілсін.

Жиналыс төрайымы: Л.Ө.Құлмаханбет

Хатшы: Г.Т.Ахатова

«Шардар» мектеп-лицейінде сынып жетекшілер жиналысының
ХАТТАМАСЫ № 4

Күні: 07.01 2026 ж
Өткізілген орны: 22 кабинет
Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, педагог-психолог, әлеуметтік педагог.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектептегі психологиялық қызметтің жұмысы туралы.
2. Сыныптардағы қыз балалармен және ұл балалармен жұмысты жандандыру.
3. 1–5 сыныптардың тәрбие жұмысы мен сынып жетекшілерінің ұйымдастыру деңгейін бақылау нәтижесі.
4. Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуін күшейту бағытындағы іс-шаралар.

ТЫҢДАЛДЫ:

1.Мектеп педагог-психологы Ф.Жумабаева мектептегі психологиялық қызметтің атқарған жұмыстары туралы баяндама жасады. Оқушылардың психологиялық жағдайын бақылау, бейімделу кезеңіндегі оқушылармен жұмыс, эмоционалдық қолдау көрсету, сыныптардағы психологиялық ахуалды зерделеу және ата-аналармен жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат берілді.
Психологиялық қызметтің негізгі мақсаты – білім алушылардың психологиялық саулығын сақтау, олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып қолдау көрсету және мектептегі қолайлы психологиялық ортаны қалыптастыру екендігі атап өтілді.
2.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ахатова сыныптардағы қыз балалармен және ұл балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарын жандандыру қажеттілігіне тоқталды.
Қыз балалар арасында әдептілік, өзін-өзі сыйлау, жеке бас гигиенасы, қауіпсіздік, қарым-қатынас мәдениеті және болашаққа жауапкершілік мәселелерін қамтитын жұмыстарды ұйымдастыру қажеттілігі айтылды.
Ұл балалар арасында жауапкершілік, тәртіп, сыйластық, еңбекқорлық, салауатты өмір салты, қауіпсіз мінез-құлық және жағымды қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды күшейту ұсынылды.
3.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Есенбаева мектеп пен отбасы арасындағы өзара байланысты күшейту қажеттілігі туралы айтты.
Ата-аналармен тек жиналыс өткізу арқылы ғана емес, бірлескен тәрбиелік іс-шаралар, жеке кездесулер, кеңестер, ашық есік күндері, отбасылық жобалар және түрлі әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар арқылы тұрақты байланыс орнатудың маңыздылығы атап өтілді.
Сынып жетекшілерге әр оқушының отбасылық жағдайын зерделей отырып, ата-аналармен өзара сыйластық пен сенімге негізделген қарым-қатынас қалыптастыру ұсынылды.

4.Мектеп психологы Ф.Жумабаева оқу жылының алғашқы тоқсанында жүргізілген психологиялық диагностиканың нәтижелерімен бөлісті. Оқушылардың эмоционалдық күйі, ұжым ішіндегі өзара түсіністік пен достық қатынастар талданды. Кейбір сыныптарда бейімделу қиындықтары байқалғанымен, профилактикалық тренингтер мен ойын түріндегі сабақтар оң нәтиже бергені атап өтілді.

5.Сынып жетекші – С.Жексенбаева.Қыз балалар мен ұл балалар арасындағы тәрбие бағыттарын талқылап, «Инабат қыздар клубы», «Жігіт аясындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігі айтылды. Әсіресе оқушылардың жеке жауапкершілігін қалыптастыру, сыпайылық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында сынып сағаттары мен ашық іс-шаралар ұйымдастыру ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сынып жетекшілер оқушылардың психологиялық жағдайына үнемі бақылау жүргізсін.
2. Қажеттілігіне қарай ата-аналармен жеке кеңес беру жұмыстарын жүргізу қамтамасыз етілсін.
3. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сыныптағы психологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған жұмыстар күшейтілсін.
4. Қыздар мен ұлдарға арналған тәрбиелік кездесулер, пікірлесу сағаттары, тренингтер мен тақырыптық іс-шаралар өткізілсін
5. Сынып жетекшілер ата-аналармен байланысты жүйелі түрде жүргізсін.
6. «Мектеп – ата-ана – оқушы» ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған бірлескен іс-шаралар жоспары жасалсын.
7. Ата-аналарға арналған тақырыптық кездесулер, семинарлар, тренингтер және кеңестер ұйымдастырылсын.
8. Оқушылардың тәрбиесіне қатысты мәселелерді ата-аналармен бірлесе шешу жолдары қарастырылсын.
9. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша белгіленген жұмыстарды сынып жетекшілер жүйелі түрде жүзеге асырсын.

ӘБ жетекшісі: Г.Сахова

Хатшы: Р.Алимбекова

«Шардара» мектеп-лицейінде мектепішілік сынып жетекшілер жиналысының ХАТТАМА № 5

Күні: 27.03.2025ж
Өткізілген орны:
Қатысқандар: мектеп-лицей директоры,директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері

Күн тәртібінде:

1. Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру.
2. Буллинг, әлімжеттік және кибербуллингтің алдын алу бойынша сынып жетекшілерінің атқаратын жұмыстары.
3. Оқушылардың құқықтары мен қауіпсіздігін сақтау, ата-аналармен бірлескен жұмысты ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп-лицей Л.Құлмаханбетқызы сөз сөйледі.Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың, әлімжеттіктің және түрлі келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында мектепте қауіпсіз психологиялық және әлеуметтік орта қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілді.
Сынып жетекшілеріне оқушылар арасындағы қарым-қатынасты тұрақты бақылау, сыныптағы психологиялық ахуалды зерделеу, оқушылардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алу және анықталған мәселелер бойынша дер кезінде тиісті жұмыстар жүргізу тапсырылды.
2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиесі жөніндегі орынбасары Г.Ахатова сөз сөйледі.
Буллинг, әлімжеттік және кибербуллингтің алдын алу мақсатында сынып жетекшілеріне оқушылармен профилактикалық әңгімелер, тәрбие сағаттары, түсіндіру жұмыстары мен сауалнамалар жүргізу қажеттігі айтылды.

Сынып жетекшілеріне:

- оқушылар арасында буллингтің белгілерін анықтау;
- оқушылардың бір-біріне құрметпен қарауын қалыптастыру;
- киберқауіпсіздік және интернетті қауіпсіз пайдалану бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- буллинг белгілері байқалған жағдайда мектеп әкімшілігіне және тиісті мамандарға дер кезінде хабарлау;
- зардап шеккен оқушыға қолдау көрсету;

- буллингке жол берген оқушылармен жеке профилактикалық жұмыстар жүргізу тапсырылды.

3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ӘБ жетекшісі Г.Сахова сөз сөйледі. Оқушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ата-аналармен тығыз байланыс орнату қажеттігі атап өтілді.Сынып жетекшілеріне ата-аналармен жеке кездесулер, ата-аналар жиналыстары және түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, оқушының сабаққа қатысуын, тәртібін және эмоционалдық жағдайын бақылау тапсырылды.

Ата-аналарға балалардың қауіпсіздігіне қатысты мәселелер бойынша мектеппен тұрақты байланыста болу, баланың интернеттегі қауіпсіздігін бақылау және туындаған мәселелерді жасырмай, мектеп мамандарымен бірлесіп шешу қажеттігі түсіндірілсін.

Қаулы етеді:

1. Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Сынып жетекшілері буллинг, әлімжеттік және кибербуллингтің алдын алу бойынша тәрбие сағаттарын, профилактикалық әңгімелер мен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырсын.
3. Оқушылардың құқықтары мен қауіпсіздігін сақтау тұрақты бақылауда болсын.
4. Ата-аналармен бірлескен профилактикалық жұмыстар күшейтілсін.
5. Буллинг немесе зорлық-зомбылық белгілері анықталған жағдайда сынып жетекшісі мектеп әкімшілігіне дер кезінде хабарлап, мәселені қолданыстағы тәртіпке сәйкес қарастырсын.

ӘБ жетекшісі: Г.Сахова

Хатшы: Р.Алимбекова

«Шардара» мектеп-лицейінде сынып жетекшілер отырысының ХАТТАМАСЫ №6

Күні: 18.05 2026 жыл
Өткізілген орны: 23 кабинет
Қатысқандар: Директордың әрбие жөніндегі орынбасарлары, ұйымдастырушы педагог, әлеуметтік педагог, аға тәлімгер,сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. Сынып жетекшілерінің ата-аналармен байланыс жүйесін бақылау, ата-аналармен жұмыс дәптерлерінің жүргізілуі.
2. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы.
3. Құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар.

Тыңдалды:

1. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ахатова сынып жетекшілерінің ата-аналармен байланыс жұмыстарын ұйымдастыруы туралы ақпарат берді. Сынып жетекшілерінің ата-аналармен тұрақты байланыс орнатуы, атааналар жиналыстарын өткізуі, жеке кездесулер ұйымдастыруы және оқушылардың оқу-тәртібі, сабаққа қатысуы, тәрбиесі жөнінде ата-аналарға ақпарат беріпотыруы талқыланды.Сонымен қатар сынып жетекшілерінің ата-аналармен жұмыс дәптерлерінің жүргізілу жағдайы қаралды. Дәптерлерде ата-аналармен жүргізілген жеке және топтық жұмыстар, кездесулер, кеңестер мен байланыстардың жүйелі түрде тіркелуі қажеттігі айтылды.
2.Мектептегі «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының атқарған жұмыстары туралы ұйым жетекшісі А.Сманова ақпарат берді.Оқушылардың қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуы, мектепішілік іс-шараларды ұйымдастыруға атсалысуы, патриоттық, рухани-адамгершілік, экологиялық және азаматтық бағыттағы іс-шараларға қатысуы сөз болды.Ұйым жұмысының негізгі мақсаты – оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту, қоғамдық белсенділігін арттыру, мектеп өміріне белсенді араласуына жағдай жасау екендігі атап өтілді.
3.М.Ибрагимова сынып жетекші ата-аналармен байланыс барысында атқарылған жұмыстар туралы ақпарат беріп, алдағы уақытта ата-аналармен жұмысты жандандыру жөнінде ұсыныстарын білдірді.
4.Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар А.Есенбаева мектептегі құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.Оқушылар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау, сабаққа себепсіз қатыспау мен тәртіп бұзушылықтың алдын алу, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мәселелері қаралды.

«Шардара» мектеп-лицейінде сынып жетекшілер отырысының ХАТТАМАСЫ №6

Күні: 18.05 2026 жыл
Өткізілген орны: 23 кабинет
Қатысқандар: Директордың әрбие жөніндегі орынбасарлары, ұйымдастырушы педагог, әлеуметтік педагог, аға тәлімгер,сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. Сынып жетекшілерінің ата-аналармен байланыс жүйесін бақылау, ата-аналармен жұмыс дәптерлерінің жүргізілуі.
2. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы.
3. Құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар.

Тыңдалды:

1. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ахатова сынып жетекшілерінің ата-аналармен байланыс жұмыстарын ұйымдастыруы туралы ақпарат берді. Сынып жетекшілерінің ата-аналармен тұрақты байланыс орнатуы, атааналар жиналыстарын өткізуі, жеке кездесулер ұйымдастыруы және оқушылардың оқу-тәртібі, сабаққа қатысуы, тәрбиесі жөнінде ата-аналарға ақпарат беріпотыруы талқыланды.Сонымен қатар сынып жетекшілерінің ата-аналармен жұмыс дәптерлерінің жүргізілу жағдайы қаралды. Дәптерлерде ата-аналармен жүргізілген жеке және топтық жұмыстар, кездесулер, кеңестер мен байланыстардың жүйелі түрде тіркелуі қажеттігі айтылды.
2.Мектептегі «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының атқарған жұмыстары туралы ұйым жетекшісі А.Сманова ақпарат берді.Оқушылардың қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуы, мектепішілік іс-шараларды ұйымдастыруға атсалысуы, патриоттық, рухани-адамгершілік, экологиялық және азаматтық бағыттағы іс-шараларға қатысуы сөз болды.Ұйым жұмысының негізгі мақсаты – оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту, қоғамдық белсенділігін арттыру, мектеп өміріне белсенді араласуына жағдай жасау екендігі атап өтілді.
3.М.Ибрагимова сынып жетекші ата-аналармен байланыс барысында атқарылған жұмыстар туралы ақпарат беріп, алдағы уақытта ата-аналармен жұмысты жандандыру жөнінде ұсыныстарын білдірді.
4.Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар А.Есенбаева мектептегі құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.Оқушылар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау, сабаққа себепсіз қатыспау мен тәртіп бұзушылықтың алдын алу, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мәселелері қаралды.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.Сынып жетекшілеріне ата-аналармен байланысты жүйелі түрде жүргізу тапсырылсын.
2.Ата-аналармен жұмыс дәптерлерін белгіленген талаптарға сәйкес уақытылы және толық жүргізу қамтамасыз етілсін.
3.Ата-аналармен жеке жұмыс жүргізуге, әсіресе оқу үлгерімі мен тәртібінде қиындықтары бар оқушылардың ата-аналарымен байланысты күшейтуге көңіл бөлінсін.
4.«Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралардың жүйелі өткізілуі қамтамасыз етілсін.
5. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілсін.
6. Сынып жетекшілері оқушылардың сабаққа қатысуы мен тәртібін бақылауды күшейтсін.
7. Құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында түсіндіру, тәрбие сағаттары, кездесулер және профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылсын.

ӘБ жетекшісі: Г.Сахова

Хатшы: Г.Мусаева

Шардара ауданының білім бөлімі
«Шардара» мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Бұйрық № 180

Шардара қаласы

15.04.2026ж

2025- 2026 оқу жылын аяқтау туралы

Түркістан облыстық білім басқармасының 2026 жылғы 13 сәуірдегі №25/2450 санды хатын басшылыққа ала отырып, аудандық білім бөлімінің 14.04.2026ж №506 санды хатын негізге ала отырып, әрбір білім алушыға жеке көзқарас қағидаларын және балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету және педагогикалық этика және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

«Шардара» мектеп-лицейінде 2025-2026 оқу жылында 59 оқушы 11-ші сыныпты бітіреді.

Оқу жылының аяқталуына орай, білім беру ұйымдарында жоғары кәсіби мәдениетті сақтау және сыбайлас жеемқорлық құқық бұзушылықтың алдын алу – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

- ата-аналардан қаражат жинауға;
- аниматорлар, агенттіктер мен жеке студияларды тартуға;
- көлік жалдап, шерулер ұйымдастаруға;
- әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерге сыйлықтарға ақшалай қаражат жинауға **тыйым салынсын**;

Негіздеме: Аудандық бөлімінің 14.04.2026 жылғы №506 санды хаты

Қосымша: 1 парақ коса тіркеледі (сынып жетекшілердің танысқаны)

Мектеп-лицей директоры: Ж.Ө.Құлмаханбет

АББ-ң 14.04.2026 жылғы №506 санды хатына сәйкес
2025-2026 оқу жылын аяқтау бойынша тыйым салынған шаралар сынып жетекшілерге таныстырылды

№	Сыныбы	Сынып жетекшісі	Қолы	Телефон номері
1	11а	Сариева Айгүл Кожабековна		87784292628
2	11г	Ибрагимова Мөлдір Тәңірбергенқызы		87064094326
3	11б	Даниярова Дарига Карсыбаевна		87023016403
4	10а	Сахова Гульсум Шеринбековна		87471823536
5	10ә	Исаева Алия Танирбергеновна		87753447304
6	10б	Абдикадырова Айгул Ажымухановна		87010568383
7	10в	Туртабаева Улдар Куанышбековна		87025190384
8	10г	Абдрашид Анар Абдулхакимқызы		87006498196
9	9а	Жумабекова Бибисара Айткуловна		87751626399
10	9ә	Зейнеханова Гульнат Амангельдиевна		87022752640
11	9б	Ерманова Нургайша Есалыевна		87783697284
12	9в	Ибадуллаева Эльмира Жусиповна		87785971882
13	9г	Мусаева Гулзипа Режеповна		87026033617
14	9д	Ахатова Гулнур Турымтаевна		87781725680
15	8а	Рыштай Гүлбала Қылышбеккызы		87029808673
16	8ә	Ауелбекова Улжалгас Сапарбаевна		87023900484
17	8б	Жексенбаева Салтанат Жаксыбековна		87781642585
18	8в	Бейсенова Лаура Еркинбаевна		87756199925
19	8г	Гуреханова Айжан Отызбаевна		87028047448
20	8д	Умбетова Эльмира Сапарбековна		87471259558
21	7а	Сатылганова Мадина Тогаевна		87014573326
22	7ә	Исаева Үлбосын Егембердіқызы		87785404595
23	7б	Арипжанов Мыктыбек		87758146915
24	7в	Тургунбаевна Гульчехра Калиржанқызы		87089456088
25	7г	Демеуова Галия Нургалиевна		87086252308
26	7д	Базарбаева Айгерим Жорабековна		87027880083
27	6а	Муратиярова Перизат Жанабаевна		87781007132
28	6ә	Зиманова Ерке Мухтаровна		87759002832
29	6б	Есенбетова Зубайра Оналовна		87026031882
30	6в	Рахмет Гүлмира Маратқызы		87013724324

31	6г	Ибраймхан Айнұр Ажиханқызы		87756243318
32	6д	Мұхтарқызы Жанар		87019043173
33	5а	Сманова Айгул Жанибековна		87028047448
34	5ә	Бахарам Мадина Бахыткызы		87007291995
35	5б	Лесбек Лаура		87476591898
36	5в	Телеубергенова Кунсая Кудабаевна		87078092557
37	5г	Алимбаева Мадина Талгатовна		87026853950
38	5д	Келдибаева Гулшат Кураловна		87011836867
39	4а	Шиндалиева Сауле Есенгельдиевна		87075141974
40	4ә	Абиева Улбосын Нурмахановна		87754690777
41	4б	Исабекова Болганай Базаралы кызы		87026274112
42	4в	Тулемисова Маржан Тагабаевна		87028116464
43	4г	Усенова Тамара Кунтугановна		87023934776
44	4д	Жора Ұлжан Анарбайқызы		87005850595
45	3а	Шатаева Кундыз Манасбаевна		87023907669
46	3ә	Әбіл Гүлбану Амангелдіқызы		87778849776
47	3б	Шаймарданова Жанар Борангазыновна		87020629409
48	3в	Рысбекова Мария Срайыловна		87027498274
49	3г	Абдиоразова Айткул Адилбековна		87021606235
50	3д	Сарбасова Гулшат		87079722850
51	2а	Аширбаева Жанар Оналбековна		87026032133
52	2ә	Адилова Ұлжалгас		87782837673
53	2б	Усенова Тамара Кунтугановна		87023934776
54	2в	Жанысбаева Сымбат Рахманхуловна		87027724279
55	2г	Кешубай Галия Аманбайкызы		87757092580
56	2д	Бакитжанова Райгуль Абдуалиевна		87012645739
56	1а	Абдухаликова Камшат Кайратовна		87715683316
57	1ә	Досыбаева Индира Бейсенбаевна		87781546323
58	1б	Дүйсебаева Дана		87022353562
59	1в	Турсымбетова Гульмира Нурлановна		87757468317
60	1б	Усенбаева Дариха Бектургановна		87759815101
61	0а	Айтбаева Мейрамкул Абилдаевна		87083409073
62	0ә	Алимбаева Сандуғаш Таганқызы		87751801686
63	0б	Толегенова Перизат		87752132082